



№72
(2450)
Сенбі

12 қыркүйек
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

МҰРДАШ- ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ «ЖАҚСЫ» ДЕП БАҒАЛАНДЫ

Кеше, 11 қыркүйек күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті 62 сессиясы өтті.

Сессияға аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш төрағалық етті.

Сессияға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Имандосов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов, Қазалы ауданының құрметті азаматы Қасқырбай Әлімбаев, облыстық мәслихаттың депутаттары: Ибайдулла Тілеп, Нұрлан Имандосов, аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұрлан Ибраев, аудан әкімінің орынбасарлары, облыстық бағыныстағы мекемелердің басшылары, аудандық қоғамдық кеңестің мүшелері, білім, теміржол мекемелерінің басшылары, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, дербес бөлім басшылары мен қала, кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Сессияның күн тәртібіне енген мәселе – аудан әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерін орындауы жөніндегі есебі болды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасаған аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы жыл басынан бергі аудан экономикасының әр саласында жүзеге асырылған жұмыстар мен алдағы негізгі жоспарларға тоқталды.

-Құрметті депутаттар!

Сессияға қатысушылар!

Биыл еліміз үшін айрықша мәні бар тарихи маңызды жыл болуда.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен елімізде ұлт тағдырын айқындайтын тарихи шешімдер қабылданып, саяси реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Өздеріңізге белгілі, 23-ші тамызда Қазақстан Республикасының Құрылтайы депутаттарының сайлауы өтті.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет өткен Құрылтай сайлауына халқымыз белсенді қатысып, мемлекетіміздің келешек тағдырын айқындауға атсалысты.



Ұлтымыздың тарихында алтын әріптермен жазылатын саяси маңызды кезеңде барша Сыр жұртшылығы, қазыналы Қазалы ауданының халқы берекелі бірліктің үлгісін көрсетіп, Мемлекет басшымыздың бастамаларына сенім артты, ерекше қолдау білдірді.

Республика деңгейіндегі дауыс беру көрсеткішімен Қызылорда облысы алғашқы үштіктен көрінді (90,75 пайызбен).

Оның ішінде, қазыналы Қазалы ауданының тұрғындары да елдік мүдде жолындағы маңызды саяси науқанда өз азаматтық ұстанымын білдіруге белсенді қатысқанын айтып өтуіміз қажет.

Осылайша, Президентіміздің Әділетті, Қуатты әрі Таза Қазақстанды құру жолында Сыр халқының бірлігі бекем екендігін тағы бір мәрте айқын дәлелдеді.

Осы ретте, саяси маңызды науқанның ауданымызда жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан баршаңызға шынайы ризашылығымды жеткіземін.

Құрметті депутаттар!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Сыр өңіріне деген айрықша қолдауының арқасында, аймағымызды 4 жылдан астам уақыт басқарған Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен, облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының басшылығымен ауданымызда

айтулы істер, жарқын жобалар жүзеге асуда.

Бүгінде аудан экономикасының барлық саласында тұрақты өсім қалыптасып, даму көрсеткіштері ілгеріледі.

2026 жылға арналған аудан бюджетінің көлемі 13,6 млрд. теңге болып бекітіліп, бүгінгі күнге 18,9 млрд. теңгеге нақтыланды.

Ауданның өз кірістерінің жоспары 4 млрд. 269,0 млн. теңге болып бекітілді. Бүгінгі күнге жоспар 99,3 млн. теңгеге ұлғайтылып, 4 млрд. 362,0 млн. теңгеге нақтыланды.

2026 жылдың 8 айында өз кірістеріміздің жоспары 2 млрд. 809,0 теңге болса, нақты 2 млрд. 906,0 млн. теңгеге (102,5%) орындалды. (Жылдық нақтыланған жоспар 8 айда 66,5 пайызға орындалды).

2026 жылдың 1 қыркүйегіне шығындар жоспары 10,6 млрд. теңгеге жоспарланып, 100 пайызға игерілді.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында 2026 жылдың 7 айында оң тенденция сақталды.

Өнеркәсіп өндірісі – 126,5 (18 млрд. 356 млн. теңге), өңдеу өнеркәсібі – 129,9 (15 млрд. 894 млн. теңге), сауда – 100,7 (8 млрд. 653 млн. теңге), ауыл шаруашылығы – 104,3 (7 млрд. 587,7 млн. теңге), негізгі капиталға тартылған инвестиция – 103,6 (13 млрд. 589 млн. теңге), құрылыс жұмыстарының көлемі – 115,4 (9 млрд. 108 млн. теңге), тұрғын үй құрылысы – 102,0 (24936 ш.м.) пайызға артты.

Кәсіпкерлік саласы бойынша Шағын және орта кәсіпкерлік саласында бүгінге дейін 4853 кәсіпкер тіркеліп (2025 жылы 5288), нақты жұмыс жасап тұрғаны 4738 (2025 жылы 5129) бірлік, яғни, белсенділік көрсеткіші – 97,6 пайыз болды (2025 жылы 97 пайыз).

Ауданда жыл басынан бері жаңадан 1,9 млрд. теңгеге 16 кәсіпкерлік нысан бой көтеріп, 38 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. (2025 жылы 562 млн. теңге, 19 нысан. Жұмыс орны 31 адам).

Кәсіпкерлікті қаржылай қолдау шараларына келсек, бизнесті қолдауға бағытталған кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген несие беретін қаржылық ұйымдары тарапынан аудан кәсіпкерлеріне өндіріс түрлерін ашу мен дамыту бағытында жыл басынан бері барлығы 245 жобаға 2,6 млрд. теңге несие қаражаты берілді. (2025 жылы 183 жоба, 3,7 млрд. теңге).

2026 жылдың 1 жартыжылдығында ауданда 1 млрд. 95 млн. теңгеге 3 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, оның ішінде ерекше атап өтетін «Тауарлы балық өсіру тоғанының құрылысы» жобасы.

2025 жылы Басықара аулынан «Арал рыборг» ЖШС 650 млн. теңгеге көлемі 464 гектар жерді құрайтын балық тоғаны шаруашылығын бастаған болатын.

Қазіргі уақытта, шаруашылықтың жоспарына сәйкес 2026 жылдың күз айларында 500 тоннаға жуық тауарлы балық өндіріліп, оны халықтың игілігіне жарату көзделуде.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023-2025 жылдары 1 млрд. 581 млн. теңгеге 226 жоба қаржыландырылып, 270 жұмыс орны ашылды.

Өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруда Қазалы ауданы облыс бойынша алғашқы орынға шықты.

2026 жылға жобаны іске асыруға 88 жобаға 850 млн. теңге қаржыландырылу жоспарлануда. Жоба аясында 103 жұмыс орны ашылады деп көзделуде.



АУДАН ӘКІМІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ «ЖАҚСЫ» ДЕП БАҒАЛАНДЫ

Ауыл шаруашылығы

Биыл аудан дихандары 12 мың 475 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын екті, күріш дақылы 2447 гектар.

Атап айтқанда, дәнді дақылдар 2837 га, майлы дақылдар 196 га, картоп, көкініс, бақша 2293 га, мал азықтық дақылдар 7149 га.

Есепті кезеңде ауданнан Ресей, Украина, Қырғызстан, Түркия, Ирак, Тәжікстан елдеріне 167,2 күріш тн, Нидерланды, Германия, Польша, Англия, Түркия елдеріне 1791,8 тн қамыс және Ресей, Қытай, Словакия, Германия, Нидерланды, Литва, Дания елдеріне 486 тн балық, барлығы 2445 тн өнім экспортқа шығарылды.

Бүгінде аудан бойынша мал басында өсім бар, 55 636 бас ірі қара (33,4%), 59 101 бас жылқы (4,7%), 14 814 бас түйе (5,5%), 108 889 бас уақ мал (7%), 7 509 бас құс (3%) тіркелген.

Президент Жолдауында көрсетілген агроөнеркәсіп кешенінде су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесіне байланысты егін шаруашылықтарында су үнемдеу технологияларын енгізу, су тапшылығы жағдайында өнімділікті төмендетпеу мақсатында егіс алқаптарын әртараптандыру жұмыстары қолға алынуда.

2026 жылы сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 коллекторлар жүйесін қайта жаңғырту мақсатында республикалық бюджеттен жұмысын бастауға 801,8 млн. теңге (жоба құны 2 млрд. 589,5 млн.тг) және «Нартай» каналына механикалық тазалау жұмыстарына 179,2 млн. теңге қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілуде.

«Алға» ауылдық округіндегі «Ішкі» каналына механикалық тазалау жұмыстарына 262,3 млн. теңге қаржы бөлініп, жақын күндері жұмысы басталатын болады.

Бұдан бөлек, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан 2026 жылға Ислам даму банк арқылы тартылатын қарыз шеңберінде «Климаттық орнықты су ресурстарын дамыту 2-кезеңі» жобасы аясында аудандағы каналдарды бетондау жұмыстарына 7 каналдың құжаттары әзірленіп, 13 млрд. 246 млн. теңгеге бюджеттік өтінім тапсырылды. Қазіргі уақытта жобаларды қаржыландырылу күтілуде.

2026 жылға типтік жобада мал қорымын салуға республикалық бюджеттен 269,5 млн. теңге қаржы қаралып, қазіргі уақытта Әйтеке би кенті мен 10 ауылдық округте мал қорымының құрылысы жүргізілуде.

2027 жылға «Бірлік», «Ақжона», «Сарыбұлақ» елді мекендеріне де типтік жобада мал қорымын салу жоспарлануда.

Инженерлік-инфрақұрылым Ауданымызда халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу жұмыстары жалғасуда. 2026 жылы «Тапа», «Аққұдық» елді мекендеріне 50,0 млн. теңгеге демеушілік есебінен су тұщытқыш қонғырғылары орнатылды.



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қазіргі таңда Қазалы ауданының халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылды.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда.

2025 жылы Ү.Түктібаев аулының электр желілерін жөндеуден өткізуге бюджеттік кредиттен 218,5 млн. теңге бөлінсе, 2026 жылға облыстық бюджеттен жұмысын жалғастыруға 24,3 млн. теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілуде.

2026 жылға Қазалы қаласының электр желілерін толық жаңғырту жұмысын жалғастыруға (2024 жылы 110,1 млн. тг, 2025 жылы 336,7 млн. тг) 132,5 млн. теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілуде (Жоба құны 579,2 млн. теңге). Нысан-дар жақын күндері пайдалануға беріледі.

2026 жылға, Жалаңтөс батыр (491,9 млн. теңге) мен Қ.Пірімов (418,2 млн. теңге) ауылдарының электр желілерін жөндеуден өткізуге бюджеттік кредиттен 910,1 млн. теңге қаржы бөлінді. Осы инвестициялық жобалар жүзеге асырылғаннан кейін электр желілерінің тозу деңгейі 2026 жылдың соңына дейін 59,9 пайызға төмендету жоспарлануда. 2025 жылы 67 пайыз құраған.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында Қазалы қаласы

мен Әйтеке би кентінің аралығында орналасқан нысандар мен тұрғын үйлердің электр энергиясының тұтыну қуаттылығын арттыру мақсатында 2025 жылға қосалқы стансасының құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 378,2 млн. теңге қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілуде. Нысан 2026 жылға өтпелі (Жоба құны 1 млрд. 417 млн. теңге).

Елді мекендерді газдандыру жобалары бойынша

2025 жылы Ақтан батыр,

млрд. 938 млн. теңге), «Ақсуат» пен Байқожа елді мекендеріне (Жоба құны 824,1 млн. теңге) ауылшілік газ құбырын тарту жобасы да жоспарымызда бар. Жоба құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қортындысы алынған. Жобаны қаржыландыру үшін бюджет көздері қарастырылуда.

Көгілдір отынға қосылған елді мекендердегі әлеуметтік нысандардың бу қазандықтарын табиғи газға бейімдеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеміз.

Қазіргі уақытта табиғи газ желісіне қосылған елді мекендердегі 14 білім беру нысандары мен 1 ауылдық мәдениет үйінің бу қазандықтарын газға бейімдеу үшін 2025 жылы аудандық бюджеттен 54,1 млн. теңге бөлініп, құжаттары әзірленуде.

Атап айтқанда:

Қазалы қаласындағы №91, 17, 95 мектептер мен «Ақерке», «Өрімтал» балабақшалары, Ғ.Мұратбаев аулындағы №91 мектеп, «Балдәурен» балабақшасы, Абай аулындағы №90 мектеп, «Қарлығаш» балабақшасы, ауылдық мәдениет үйі, Басықара аулындағы №182 мектеп, «Тілашар» балабақшасы, Қ.Пірімов аулындағы №92 мектеп, Жалаңтөс батыр аулындағы № 103 мектеп, «Сәуле» балабақшасы.

2026 жылға Қазалы қаласы, Ақтан батыр, Ү.Түктібаев ауылдық клубтарына аудандық бюджеттен 43,4 млн. теңге бөлініп, газ отынына бейімделсе, аудандық аурухана мекемесінің қаражаты есебінен Ақтан батыр, Абай ауылдарындағы амбулаторияларды газ отынына бейімдеу үшін 18,0 млн. теңге қаржы бөлініп, жұмыстар жүргізілді.

Автомобиль жолдарын дамыту бойынша

Бүгінде аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының жақсы жағдайдағы үлесі 91 пайызды құрайды.

Алдағы уақытта «Қожабақы-Аранды» (Жобаның болжамды құны 725 млн. теңге), «Қарлаң» учаскесінен «Бірлік» ауылына дейінгі аралықтағы (Жоба құны 254 млн. теңге) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу жоспарымызда бар.

2026 жылға Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр көшесінің айналма жолының құрылысына 378,7 млн. теңге (Келісім шарт құны 383,6 млн. тг), А.Талқанбаев көшесінің жолын қайта жаңғырту жұмысына 114,9 млн. теңге (Келісім шарт құны 156,5 млн. тг) бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

«Ақсуат» ауылына АГРС станциясын салу (Жоба құны 1



АУДАН ӘКІМІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ «ЖАҚСЫ» ДЕП БАҒАЛАНДЫ

2026 жылы Әйтеке би кентінің 12 көшесіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге аудандық бюджеттен 81,6 млн. теңге қаржы бөлініп, жұмыстар атқарылды.

Алдағы уақытта ауданның автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу бойынша 26 жобаға облыстық экономика және қаржы басқармасына барлығы 3,7 млрд. теңгеге бюджеттік өтінім тапсырылды.

2026 жылға «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» маңызы бар автомобиль жолының 32,1 шақырымдағы темірбетонды көпірге күрделі жөндеу жұмысына облыстық бюджеттен 363,3 млн. теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Келісім шарт құны 367,9 млн. теңге.

Аудан орталығының көшелеріндегі жаяу жүргіншілер жолы да тұрғындардың жиі көтеретін мәселерінің бірі.

Биылғы жылы 163,8 млн. теңгеге 4,5 шақырым құрайтын Т.Бөріқұлақов (114,9 млн. тг, 2,9 шақырым) және Жетес би (37,5 млн. тг, 1,6 шақырым) көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы салынды.

Бүгінде аудан орталығы – Әйтеке би кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің инженерлік-инфрақұрылымындарын қайта жаңғырту бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Биыл Әйтеке би кентіндегі В.Счастнов, Желтоқсан көшесінде орналасқан көп қабатты тұрғын үйлердің аумағындағы автотұрақтардың автомобиль жолдарына аудандық бюджеттен 47,0 млн. теңге қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Әйтеке би кентіндегі В.Счастнов, Жанқожа батыр, Желтоқсан көшелерінде орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің аулаішілік көріз желілерін ағымдағы жөндеуден өткізуге аудандық бюджеттен 5,3 млн. теңге қаржы қаралып, жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан бөлек, Әйтеке би кентінің сырт аумағында орналасқан сүзгі алаңындағы көріз суларының тұндырғыш құдықтарын ағымдағы жөндеу жұмыстарына 10 млн. 295 мың теңге қаржы бөлініп, жұмыстар толық аяқталып, нысан пайдалануға берілді.

Сыр өңірін 4 жылдан астам уақыт басқарған ҚР Премьер министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының, облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының қолдауымен облыстық басқармалар арқылы ауданымызда бірқатар жобалар жүзеге асуда.

2026 жылға Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының екі аралығындағы 7 шақырымды құрайтын 4 жолақты жолдың

түнгі жарықшамдарын орналастыруға 102,3 млн. теңге қаржы бөлініп, түнгі жарықшамдар толықтай іске қосылды.

Алайда, бүгінгі таңда жарық шамдарының жанбауына байланысты мердігерге жарық шамдарды қайта қалпына келтіру үшін тапсырма берілді.

Қазалы ауданындағы ауқымды құрылыс жұмыстарының бірі – «Қарлаң» көпірінің құрылысы.

Бірнеше жыл бойы құрылысы тоқтап қалған Қазалы ауданындағы аудандық маңызы бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16 шақырымдағы «Қарлаң» учаскесінен темірбетонды көпір құрылысы жаңа мердігер мекеме- «НұрлыТау ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан 2025 жылы сәуір айында қайта басталған болатын.

2025 жылы «Қарлаң» көпірінің жұмысын жалғастыруға 758,4 млн. теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілсе, «Қарлаң» көпірінің жоба сметалық құжаттарының қажетті қаржысына қайта есептеме жүргізіліп, жоба құны 6,7 млрд. теңгеге ұлғайтылды.

2026 жылға көпірдің құрылыс жұмыстарын жүргізуге 2,2 млрд. теңге қаржы бөлінген. Қазіргі таңда көпірдің негізгі тірек бөліктерін орнату және бетонтіреулерін құю жұмыстары атқарылуда.

Көпірдің 84 свай қағу жұмыстары толық аяқталған. 8 тіреудің 7-еуі орнатылып, соңғы тіреуді орнату жұмыстары жүргізілуде.

Құрылыс алаңына 30 арнайы техника мен 80 жұмысшы жұмылдырылған.

Сәтін салса, көпір құрылысын желтоқсан айында аяқтау жоспарланып отыр.

Құрылыс саласын дамыту бойынша

2026 жылға 200 пәтер сатып алуға бюджеттік кредиттен 3 млрд. 94,5 млн. теңге қаржы бөлінді, алайда қаржы тапшылығына байланысты қазіргі уақытта 50 пәтердің құрылысы жүргізілуде.

2026 жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 1 млрд. 564,0 млн. теңгеге Әйтеке би кентіндегі «Мәдени-демалыс кешенінен» (Жоба құны 628,7 млн. теңге), Қожабақы (Жоба құны 537,1 млн. теңге), Бекарыстан би (Жоба құны 398,5 млн. теңге) ауылдарынан жаңа спорт кешені пайдалануға берілді.

Бүгінде Қазалы ауданындағы 125 жылдық тарихы бар теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Тарихи ғимаратты қайта жаңғырту жұмысына



«Қазақстан Темір жолы» компаниясы тарапынан 1,6 млрд. теңге қаржы бөлінді.

Ал, жылдың басында «Қазақстан Темір жолы» компаниясы тарапынан 1,3 млрд. теңгеге вокзал жанындағы теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір қайта салынып, пайдалануға берілді.

Теміржол вокзалының аумағына аудандық бюджеттен бөлінген 91,0 млн. теңгеге абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Білім саласы бойынша Ауданның білім беру саласында барлығы 91 білім беру ұйымдары жұмыс істейді.

Анықтама: (мектеп – 37, мектеп дейінгі білім ұйымдары – 51, қосымша білім беру ұйымдары – 3. Оқушы саны – 16693, мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілер саны – 5689, жалпы педагог саны - 2468).

Аудандағы білім беру ұйымдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарына 269,9 млн. теңге қаржы бөлініп, жұмыстар атқарылды (№70, 216, 165, 88, 95, 100 мектептер).

2025-2026 жылғы оқу жылында ауданымызда 1015 түлек мектеп бітіріп, оның ішінде 99-ы «Алтын белгі», 116-ы «Үздік аттестат» иегері атанды.

2026 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан 943 оқушының 727-сі мемлекеттік грант конкурсына қатысып, нәтижесінде 531 оқушы мемлекеттік грант иегері атанды.

2026-2027 жылғы оқу жылына 1 сыныпқа 1675 оқушы бала қабылданды.

2026 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша Әйтеке би кентінен 174 орындық 2 жеке балабақша ашылып, жұмыс істеуде.

Анықтамалық: 100 орынды «Рахым-1» балабақшасы, 74 орынды «Ханшайым» балабақшасы

Денсаулық сақтау саласы бойынша

Ауданда барлығы 1 орталық аурухана, 1 аудандық емхана,

17 дәрігерлік амбулатория, 5 фельдшерлік акушерлік пункт, 13 медициналық бекет жұмыс істейді.

2025 жылы мемлекетке қайтарылған активтер есебінен аудандық көпбейінді орталық аурухана ғимаратына жапсарлас 42 төсектік кардиология және инсульт орталығының құрылысы жүргізіліп, өткен жылдың желтоқсан айында нысан пайдалануға берілді. (Құны құны 1 млрд. 848,2 млн. теңге, оның ішінде арнайы шоттан 1 млрд. 700 млн. теңге ОБ 148,2 млн. теңге).

Бүгінде орталықта құны 326,6 млн теңге болатын компьютерлік томограф аппараты іске қосылса, жыл соңына дейін аудан тұрғындары үшін өзекті мәселелердің бірі болып келген МРТ құрылғысы орнатылмақ.

Ауданымызда медицинаның маңызды бағыттарының бірі ана мен бала денсаулығын сақтау бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бері есепті кезеңде ауданымызда 847 сәби дүниеге келді (2025 жылы 1059 сәби).

Спорт саласы бойынша Ауданның спорт саласында барлығы 9 мекеме бар.

Бүгінде аудан халқының дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылар үлесі 35 058 адамды құрап, аудан халқының 44,5 пайызын құрап отыр.

2026 жылдың 7 айында Халықаралық турнирлерде аудан спортшылары 11 алтын, 16 күміс, 8 қола медальдарды иеленсе, Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 14 алтын, 19 күміс, 27 қола медаль иеленді.

2026 жылғы шілде айында Индонезияның астанасы Джакарта қаласында өткен бокстан жастар арасындағы Азия чемпионатында 80 келіден жоғары салмақ дәрежесінде сынға түскен жерлесіміз Толыбай Зарина алтын медаль жеңіп алып, Азия чемпионы атанды.



АУДАН ӘКІМІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ «ЖАҚСЫ» ДЕП БАҒАЛАНДЫ

Жуық арада ғана Швейцарияның Лозанна қаласында дзюдодан әлемнің үздік татами шеберлері бас қосқан Grand Slam («Үлкен дулыға») халықаралық турнирінде жерлесіміз Абылайхан Жұбаназар 81 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанып, көк туымызды көкте желбіретті.

1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай Әйтеке би кентіндегі №276 орта мектептің жанынан және 2 кварталдан жаңа жасанды футбол алаңдары пайдалануға беріліп, тағы да екі спорт алаңына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қазалы қаласынан да бір жаңадан жасанды футбол алаңы ашылса, бір спорт алаңы күрделі жөндеуден өтті.

Мәдениет саласы бойынша

Аудан бойынша барлығы 52 мәдени мекеме бар.

Жыл басынан бері ауданның мәдениет саласында 1000-ға жуық мәдени көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Биылғы жылы ақпан айында Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, композитор Кеңес Дүйсеевтің 80 жылдығына арналған «Сәлем саған, туған ел» атты еске алу кеші өткізілді.

Алдағы уақытта Ел Тәуілсіздігінің 35 жылдығын, атақты қолбасшы Жалаңтөс Баһадүр Сейітқұлұлының 450 жылдығы аясында республикалық мәдени-көпшілік шараларды атап өту жоспарланып отыр.

Әлеуметтік сала бойынша

Әлеуметтік саланың дамуын жеделдету – біздің алдымызда тұрған ең негізгі міндет.

Экономиканың түрлі саласында жыл басынан бері құрылған жұмыс орны - 2526.

Оның ішінде әлеуметтік жұмысқа - 28, жастар практикасына - 72, ақылы қоғамдық жұмысқа - 609, күміс жас жобасына - 67, 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнына - 575, бос жұмыс орындарына - 979, ұлттық жоба бойынша - 197 адам жұмыспен қамтылды.

2026 жылдың 8 айында жұмыссыздар саны 1750 адам, жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрап отыр.

Жастар саясаты

Қазір аудан халқының 29,7 пайызы жастар. Ауданда Әйтеке би кенті мен Қазалы



қаласында 2 жастар орталығы жұмыс істейді.

2026 жылы ерікті жастардың қатысуымен барлығы 90-нан аса іс-шаралар өткізілді. Оған 5000 жас қатыстырылды.

Жастарды қоғамдық пайдалы еңбекке тарту мақсатында биыл «Жасыл ел» еңбек жасағы аясында барлығы 110 жас маусымдық еңбекке тартылуда. Жасақ мүшелері ауданның санитарлық тазалығы мен көгалдандыру жұмыстарына белсенді қатысуда.

Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және олардың ұсыныстарына құлақ түру мақсатында «Жастар керуені» жобасы тұрақты өтіп келеді.

Айта кету керек «Жастар керуені» жобасы республикадағы ең үздік 10 жобаның бірі деп танылды.

Қоғамдық тәртіп

Қазалы ауданы бойынша қоғамдық тәртіпті бақылау және жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 15 рейдтік топ құрылып, биыл үшінші жыл қатарынан күнделікті жұмыс істеуде.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоғамдық орындарда тәртіпті бақылайтын, жол қозғалысы ережелерін бұзғандарды автоматты түрде анықтайтын 72 бейнебақылау камералары орнатылған. Аудандық полиция бөлімі ғимаратында бейнебақылау камералары арқылы түрлі құқық бұзушылықтарды анықтайтын арнайы кіші Жедел басқару орталығы жұмыс істейді.

Жалпы, сала қызметкерлерінің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған кешенді шаралардың нәтижесінде ауданымызда қылмыс деңгейі жыл сайын

төмендеп келеді.

Мәселен, биыл өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда аудан бойынша қылмыстылық деңгейі 54-тен 47-ге, яғни -13 пайызға төмендеген.

Президентіміз «Заң мен тәртіп» – қоғам тұрақтылығы мен халық қауіпсіздігінің басты кепілі – деген болатын.

Құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету және профилактикалық шараларды күшейту нәтижесінде бірқатар оң көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Аймақ басшысы Мұрат Нәлқожаұлының қатысуымен Полиция күніне орай өткен салтанатты шарада өңіріміздің полиция қызметкерлеріне берілген 94 арнайы қызметтік автокөліктің 7-еуі Қазалы аудандық полиция бөліміне берілді.

Таза Қазақстан

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жүзеге асып келеді. Бұл тазалық науқанына барша қазалылықтар жыл сайын белсене атсалысып келеді.

Аталған акция аясында санитарлық тазалық пен абаттандыру бағытындағы шаралар аудан көлемінде кең ауқымда ұйымдастырылып, жыл басынан бері жалпы саны 100-ден астам сенбілік өткізілді. Тазалық шаралы аясында 18 420 тонна қоқыс арнайы орындарға шығарылып, оның 5015 тоннасы сұрыпталды.

Ал, тазалық шаралары аясында аудан бойынша жыл басынан бері 12000 ағаш егіліп, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

Бүгінде Қазалы ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Күшті Президент, ықпалды Құрылтай, еститін Үкімет» қағидалары, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Жыл басынан бері аудан әкімі ретінде 22 жеке қабылдау өткізіп, барлығы 247 жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдадық. Қабылдау барысында тұрғындардың көтерген 59 мәселесі өз шешімін тауып қанағаттандырылса, 188 мәселе бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Құрметті депутаттар!

Ауданымызда жыл басынан бері атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттердің легі осындай.

Жергілікті депутаттар аудан халқының игілігіне бағытталған өзекті мәселелерді шешуге бағытталған көптеген бастама көтеріп, оның дер кезінде орындалуына ықпал етті.

Алдағы уақытта да халық қалаулылары билік пен халықтың арасында дәнекер бола отырып, ауданның өсіп-өркендеуіне, қарқынды дамуына күш-жігерлерін аянбай жұмсай береді деп сенемін.

Жоспарланған жұмыстарды іске асыруға ел Президенті мен Үкімет басшысы, аймақ басшысы тарапынан үлкен қолдаулар жасалуда.

Береке бар жерде – даму бар, татулық бар жерде – тұрақтылық бар, тұрақтылық бар жерде – жарқын болашақ бар.

Бастысы – елдің тыныштығы мен береке-бірлігі.

Алдағы уақытта да аудан экономикасының қарқынды дамуына құтты қадамдар жасалып, жоспарланған жұмыстарды өздеріңізбен бірге жүзеге асыратын боламыз, - деді Алмасбек Әбдіқасымұлы.

Сессияда аудандық мәслихаттың депутаттары: Әділбек Сарабеков, Эльмира Нұрмағамбетова сөз алып, аудан әкімінің жыл көлемінде атқарған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Сессияда депутаттар бір ауыздан аудан әкімінің жұмысын «жақсы» деп бағалап, тиісті шешім қабылдады.

Жұлдызай ЖЫЛҚАЙДАР,
«Тұран-Қазалы»

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11707 дана.